

\

**2021-2022 оқу жылындағы
1- Қыркүйек «Білім күніне»
арналған салтанатты жиынның
есебі**

Курмин тірек мектебі (РО) КММ бойынша 1-қыркүйек «Білім күніне» арналған «Сыңғырла алғашқы қоңырау» атты салтанатты жиын мерекесі болып өтті. Білім күніне арналған материалдар мен көрнекіліктер эстетикалық талаптарға сай дайындалды.

Мақсаты: Білім күні үлкен мереке екенін балаларға жеткізе білу, сезіну білімге деген құштарлығын арттыру, еліміздің білімді, тәрбиелі азаматын елжандылыққа тәрбиелеу.

Құрметті ұстаздар, қонақтар, ата - аналар, аяулы оқушылар! Бүгінгі сағынышқа, шатыққа толы «Алғашқы қоңырау» мерекелеріңіз құтты болсын! Тәуелсіздік, еркіндік сөздерінің қаншалықты мағыналы, қаншалықты қымбат екенін дәл қазіргі уақыттағыдай түсінбеген шығармыз. Ешкімге тәуелді болмауды арман еткен батырларымыз найзаның ұшымен, білектің күшімен күресіп құрбан болса, дуалы ауыз билеріміз қызыл тілдің арқасында ел тыныштығын сақтады.

Жиынға келген қонақтармен таныстырылды.

Музыка ырғағымен 1 - сынып оқушыларын жетектеп, ұстаздары жиын өтіп жатқан алаңға шығып бір мәрте жүріп өтіп, арнайы дайындалған орынға келіп тұрады.



Мазмұнына өрнегі жарасқан, тәуелсіздіктің қасиетті туы мәңгі желбіресін, - дей отырып, салтанатты жиынымызға мемлекеттік туымыз ортаға енгізілді,



Бірінші қыркүйек білім күніне арналған салтанатты жиылысымызды ашық деп жариялаймыз!
Гимн ойналды)



Мерекелік іс шараны мектеп директоры Имашева Г.Т. мектеп табалдырығын аттап отырған бүлдіршіндерді, оқушылар мен ата-аналарды құттықтау сөзімен бастады. Мектеп директоры өз сөзінде қазіргі таңда жас ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие беру - ұстаздар алдындағы үлкен міндет екенін атап көрсете отырып, биылғы оқу жылының ерекшелігін де атап өтті. Мектебімізге биылғы оқу жылынан бастап қазақтың аса көрнекті ағартушысы, ақын, жазушы, этнограф, фольклоршы және қоғам қайраткері - Ыбырай Алтынсарин есімінің берілгенін ерекше атап өтті. Директордың оқу – тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Царегородцева Т.Г құттықтау сөзінен кейін, бүгінгі салтанатты мерекеміздің мәртебелі қонақтағы, Курмин ауылдық округы әкімінің міндетін атқарушы Ахметов О.Ж.сөз берілді.



Алғашқы қоңырауды күмбірлете соғу құрметі мектебіміздің биылғы түлеп ұшқалы отырған түлегі Джунусова Д. және мектеп табалдырығын алғаш аттағалы отырған бүлдіршіндерімізге берілді.



Салтанатты жиын оқушылардың мерекелік сазды бағдарламасымен жалғасты.



Қоңыраудан соң барлық сынып оқушылары өз оқу кабинеттерімен танысып, "Терең білім, еңбекқорлық және отаншылдық қасиет" атты алғашқы білім күні сабағына қатысты.

Жауапты: Адамбаева Б.С.- аға вожатый.

